

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ЖӘНЕ
ОНЫҢ АУМАҚТЫҚ
ОРГАНДАРЫНЫҢ НОТАРИАТ
САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТІ.
НОТАРИАЛДЫҚ ПАЛАТАЛАР**

7) нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, одан айыру және тоқтату туралы ұсыныстар енгізеді;

□ 8) жекеше нотариусты жауапқа тарту туралы нотариалдық палатаға ұсыныс енгізеді;

□ 9) нотариустардың таңдаған үй-жайының болуын және оның заңнама талаптарына сәйкестігін тексереді және осыдан кейін жекеше нотариустың есепке тұруын тіркеуді жүзеге асырады. Тіркеу нотариустың үй-жайы орналасқан жер бойынша жүзеге асырылады;;

□ 10) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес нотариустардың жеке мөрлерін жасауға тапсырысты жүзеге асырады және оларды береді;

- ▣ 11) халыққа мемлекеттік және жекеше нотариустардың қызмет ету аумағы туралы ұдайы хабарлап отырады;
- ▣ 12) нотариалдық іс-әрекет жасауға уәкілетті аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың (село­лардың), ауылдық (село­лық) округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарын аттестациялауды жүргізеді.

Аумақтық әділет органы аумақтық нотариалдық палатамен бірлесіп:

- 1) Әділет министрлігіне бекітуге нотариалдық округтегі нотариустардың ең аз саны туралы ұсыныс енгізеді;
- 2) нотариалдық округте нотариустар уақытша болмаған жағдайда нотариалдық іс-әрекеттер жасауды ұйымдастырады;
- 3) нотариустарға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;
- 4) нотариалдық практиканы қорытады;
- 5) тиісті нотариалдық округте қызметі тоқтатылған нотариустың жеке мөрін жою және құжаттарын басқа нотариусқа немесе жеке нотариалдық мұрағатқа беру жөніндегі, сондай-ақ егер нотариус лицензиясының күші тоқтатылған жағдайда лицензиарға беру үшін лицензияны алып қою жөнінде шаралар жүргізеді.

Нотариалдық палаталар

Нотариалдық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариалдық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым (заңды тұлға) болып табылады.

- Нотариалдық палата мүшелерінің **жалпы жиналысы** нотариалдық палатаның **жоғары басқару органы** болып табылады.
- **Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне келесілер жатады:**
 - 1) нотариалдық палатаның жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
 - 2) нотариалдық палата төрағасын, басқарманың және тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау;
 - 3) нотариалдық палата қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;
 - 4) нотариалдық палатаның бюджетін бекіту.
 - өзге де мәселелер көзделуі мүмкін.

Нотариалдық палатаға басшылықты
нотариалдық палата мүшелерінің жалпы
жиналысында сайланған нотариалдық
палатаның **басқармасы мен төрағасы** жүзеге
асырады.

Басқарма мүшелері **төрт жыл** мерзімге жасырын дауыс
беру арқылы сайланады.

Құрамына кемінде **бес** адам кіретін басқарма
нотариалдық палатаның **басқару органы болып**
табылады.

Нотариалдық палатаның **төрағасы болып** оны сайлаған
күнге дейін тікелей кемінде **бес жыл** нотариалдық
палатаның мүшесі болған нотариус сайланады.

Нотариалдық палатаның төрағасы жасырын дауыс беру
арқылы **төрт жыл мерзімге** сайланады.

Төраға:

- 1) нотариалдық палатаның жұмысын ұйымдастырады, палатаға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылауды жүзеге асырады;
- 2) нотариалдық палатаның жұмысына басшылық жасайды, оның қызметкерлерін жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдарда нотариалдық палатаның мүддесін білдіреді;
- 4) нотариалдық палата жарғысында көзделген, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аумақтық нотариалдық палатаның өкілеттігі:

- 1) жекеше нотариустерге жалпы басшылық жасап, олардың қызметін үйлестіріп отырады;
- 2) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда өз мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіреді және қорғайды, нотариалдық істі дамытуға оларға көмек көрсетіп, жәрдем береді;
- 3) жекеше нотариустар нотариалдық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 4) жекеше нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, одан айыру және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді;

- 5) нотариалдық іс-әрекет жасау нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды ұйымдастырады;
- 6) жекеше нотариустардың өздерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы және жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Қазақстан Республикасы заңдарының өзге де талаптарын бұзу жағдайлары туралы аумақтық әділет органдарын хабардар етеді;
- 7) жекеше нотариустарды тағылымдамадан өткізу мен оқытуды ұйымдастырады;

- 8) өз мүшелерінің қызметіне байланысты істер бойынша сот белгілеген сараптама шығындарын өтейді;
- 9) нотариалдық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың тағылымдамадан өтуін және жекеше нотариустарды оқытуды ұйымдастырады;
- 10) жекеше нотариусты кәсіптік міндеттері мен әдепті бұзғаны үшін Нотариустың ар-ождан кодексіне сәйкес жауапқа тартады;
- 11) жекеше нотариустардың қызметтік іс-әрекеттеріне азаматтар мен заңды тұлғалардың шағымдары мен өтініштерін қарайды.

- Нотариалдық палата жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша Республикалық нотариалдық палата мен аумақтық әділет органына қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отырады.
- **Республикалық нотариалдық палата** аумақтық нотариалдық палаталарды біріктіретін, коммерциялық емес кәсіптік өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

▣ Республикалық нотариалдық палата:

- ▣ 1) нотариалдық палаталардың қызметін үйлестіріп отырады;
- ▣ 2) мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, оның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда нотариалдық палаталар мен нотариустардың мүдделерін білдіреді;
- ▣ 3) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нотариат мәселелері бойынша заң жобалары жөніндегі және сарапшылық қызметіне қатысады;
- ▣ 4) жекеше нотариустарды оқытуды ұйымдастырады;
- ▣ 5) нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады және нотариат мәселелері жөнінде әдістемелік материалдар әзірлейді;
- ▣ 6) Нотариустың ар-ождан кодексін әзірлеп, бекітеді;
- ▣ 7) заңдарға және халықаралық шарттарға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

- ▣ Республикалық нотариалдық палата Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне қағаз және (немесе) электрондық жеткізгіштерде өз қызметі туралы жыл сайын ақпарат беріп отырады.

**НАЗАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**